



## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Қазақстан Ұлттық Банкі алаяқтықтың жаңа схемалары туралы ескертеді

Астана қ.

2024 жыл, 30 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі азаматтардың жеке деректері мен банктік шоттарын біліп алу үшін алаяқтардың жаңа схемаларды пайдалана бастағанына азаматтардың назарын аударады.

Мәселен, азаматтарға жөнелтушінің деректері көрсетілмеген гүл шоқтарын жібереді. Содан соң сол адамға қаскөйлер хабарласып, өздерін жеткізуші қызметтің қызметкерлері ретінде таныстырады да, келіп түскен хабарламада көрсетілген код арқылы гүл шоғының жеткізілгенін растауды сұрайды.

Сондай-ақ, пошта жөнелтілімдерін жеткізуге қатысты оқиғалар белгілі болды. Азаматтар «пошта бөлімшесінен тапсырысты алу» сылтауымен хабарламалар немесе зиянды сілтемелер алады. Онда олардан жеке деректерін енгізу талап етіледі. Нәтижесінде алаяқтар телефондағы жеке деректерге, соның ішінде банк қосымшаларына қол жеткізе алады.

Алаяқтар мессенджерлерде фотосуреттер түрінде зиян келтіруі мүмкін бағдарламалық қамтылымды да жібереді. Фотосуретті ашуға және көруге тырысқан кезде орнату файлы («.АРК» кеңейтілімі) іске қосылады. Осылайша, олар мобильді құрылғыны басқаруды өз қолына алып, оған қолжетімділікті бұғаттай алады.

Бұдан бөлек, алаяқтар жасанды интеллект технологияларын пайдаланып, жақын адамдардың дауысын немесе бейнесін имитациялайды. Олар туыс немесе таныс ретінде хабарласып, түрлі сылтаумен ақша аударуды, сілтемеге өтуді, қосымша жүктеуді, мессенджерде жаңа функцияларды іске қосуды немесе жеке деректерді айтуды сұрайды.

Мобильді құрылғылардың көмегімен іске асырылатын алаяқтықтың жиілеп бара жатқанын ескере отырып, Ұлттық Банк азаматтарды абай болуға, үшінші тұлғаларға құпия ақпаратты бермеуге, күдікті телефон қоңырауларына сенбеуге, сұратулардың түпнұсқалығын бірнеше рет тексеруге, күмәнді сілтемелер мен файлдарды ашпауға, сондай-ақ NozToDesk, RustDesk, RUDesktop, AnyDesk, TeamViewer және т.б. қашықтан қол жеткізу қосымшаларын орнатпауға шақырады.

Үшінші тұлғалар тарапынан алаяқтық әрекеттерін болдырмау үшін ҚҰБ мемлекеттік органдардың немесе Ұлттық Банктің қызметкерлері атынан белгісіз қоңыраулар шалынған кезде әңгімені тоқтатуды, қажет болған жағдайда мемлекеттік органның ресми нөмірі бойынша өз бетінше өтініш жасауды ұсынады.

Егер сіз алаяқтық әрекеттерге тап болсаңыз, Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына тиісті өтінішпен жүгінуді ұсынамыз.

Кеңес алу үшін Ұлттық Банктің байланыс орталығына 1477 қысқа нөмірі бойынша хабарласқан жөн.

**Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:**

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)